

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы

«Әдебиеттану мен фольклористиканың әдіснамалық мәселелері»
пәні бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің коды: MPLF 6303

Пәннің ID: MPLF 6303

7M02309 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: магистратура

Курс – 1
Семестр – 2
Кредит саны – 5

Алматы, 2026

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты – қазіргі әдебиеттану мен фольклортанудың әдістемелік аппаратымен жұмыс істей білу, фольклор және әдебиет шығармаларын әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның соңғы тәсілдер мен жетістіктері контекстінде зерттеу. Оқу курсы отандық және әлемдік әдебиеттану ғылымының даму тенденциялары парадигмасындағы көркем шығармашылықты зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін құрайды. Пән көркем шығармашылықты зерттеудің инновациялық тәсілдерін зерттеуге бағытталған.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:

1. Жаңа білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын игереді. Ақпараттарды қабылдауға, талдауға, жалпылауға қабілеттілігі артады.
2. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін біледі және түсінеді.
3. Пән бойынша базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді талдап, тануға үйренеді.
4. Жаңартылған білім бағдарламасын оқыту үрдісінде басшылыққа алып, пайдалануға және өз беттерінше әлемдік педагогика ғылымдағы жаңа әдістемелерді меңгереді.
5. Әдебиетті оқытуда заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін қолданады.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

1 МОДУЛЬ Фольклортану және фольклорлық жанрлар мәселесі

Әдебиеттану мен фольклортану» ғылымы және оның ерекшелігі.

Фольклортану мәселелері.

Фольклортанудың әдіснамалық мәселесі.

Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың әдіснамалық мектептері.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық білім берудің өзектілігі.

2 МОДУЛЬ Фольклор және әдебиетті оқыту әдістемесі

Фольклор және мифология.

Фольклордағы мифтің қызметтік бағыты.

Педагогикалық білім беруде тиімді оқытудың маңыздылығы.

Оқыту мен оқуда сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Интерактивті және инклюзивті оқыту ерекшеліктері.

3 МОДУЛЬ Әдебиетті оқытудың ғылыми-практикалық негіздері

Білім беру бағдарламасындағы әдебиет пәндерінің маңыздылығы

Әдебиеттану ғылымының мәні мен маңызы.

Қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері

Әдебиетті оқытуда қолданылатын пәндік құзыреттілікті дамыту.

Ғылыми жұмыстарды жазудың әдістемесі.

Ұсынылатын дереккөздердің тізімі.

Әдебиет:

Негізгі:

1. Майкл Райан, Джули Ривкин. Әдебиет теориясы. Антология I, II, III, IV том –Астана, 2019

2. Қазіргі қазақ әдебиеті: ұжымдық монография / Авторлар ұжымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021

3. Дадебаев Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021

4. Сейітжанұлы З. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы, 2019.

5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 2016.

6. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы, 2021.

Қосымша:

7. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, «Қыздар университеті» баспасы, – Алматы 2023

8. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту (Оқулық) – Алматы: Рауан, 2018

9. Сарбасов Б. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті (Оқулық) «Қазақ университеті» баспасы – Алматы, 2022

Интернет-ресурстар

1. <http://elibrary.kaznu.kz/kz>

2. <https://adebiportal.kz/kz>

3. <https://qazaqadebieti.kz/>

4. <https://juldyz.info/>

5. <http://i-s-turgenev.ru/books/item/f00/s00/z00000006/st012.shtml>

6. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: Жібек жолы,

2009. <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/e18/e185fe133cb926283d53f1af83c8f984.pdf&ln=kz>.

7. Қазақ ертегілеріне шолу. <http://abai.kaznu.kz/?cat=55&paged=9>

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша қисынды жеткізу, өз көзқарасын дәлелдей білу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:

1-сұрақ: *1 критерий.* Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. *2 критерий.* Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.

2-сұрақ: *3 критерий.* Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. *4 критерий.* Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ: *5 критерий.* Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. *6 критерий.* Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жауап парағында жұмысты жазудың аяқталу белгісін қояды – Х әрпі;

3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірітілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы акпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшін жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «Әлебиеттану мен фольклористиканың әлінаамалық мәселелері»

Формасы: Стандартты жазбаша offline. Платформасы: Univer АЖ

№	Бағал	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	Критерий	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1 сұрақ	1 критерий Теорияны және курс тұжырымдамасын білу	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді өте жақсы түсінеді. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді жақсы түсінеді. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің қарастыратын мәселелері, негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптары дұрыс емес. Баяндаулары мен тұжырымдарында стильдік, тілдік қателіктер көп ұшырасады.	Пәннің негізгі мазмұнына, ұғымдары мен тақырыптарына қатысты айтарлықтай қателіктер жіберілді.	Пәннің негізгі қарастыратын туралы жалпы түсінігін өз сөзімен жүйелі жеткізе алмайды.
	2 критерий Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.	Пәннің негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптарын дәйекті мысалдармен негіздей алады. Ұсынылған тапсырмаларды сауатты, ғылыми негізді, дереккөздерді дұрыс пайдалана отырып, көрінекі түрде орындаған.	Жауаптарында нақты мысалдар аз кездеседі. Кейбір ғылыми тұжырымдауларында дәлдік жетіспейді.	Жауаптарында сұрақ мазмұнын ашып бере алмады. Мысалдар келтірілген жоқ.	Негізгі ұғым-түсініктерді айтуда айтарлықтай қателіктер жіберді.	Негізгі теориялық ұғымдар, растай да, дәлелдей де алмайды.
2 сұрақ	3 критерий Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында, дәлелді дәйектермен, жан-жақты қарастыра отырып орындайды. Тақырып бойынша жазған жазбаша жұмысында ғылыми негізді өзіндік тұжырым жасай алатындығы көрінеді.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында орындағанымен, дәлелді дәйектерді толық келтірмеген. Жазбаша жұмысында стильдік, грамматикалық қателер ұшырасады.	Жазбаша жұмысында мазмұндық жүйелілік жоқ. Нақты зерттеу тақырыбына байланысты дереккөздерді қарастырмаған.	Тапсырмаға да, тапсырманың тақырыбына немқұрайдылықпен қараған. Стильдік, грамматикалық нормаға сай келмейтін қателер жіберген.	Жазбаша емтихан жұмысы қалай орындау керектігін білмейді. Өзіндік пікір, қорытынды тұжырым жасау меңгермеген.
	4 критерий Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.	Практикалық жұмыс жасау барысында мысалдар келтіре отырып, тақырыпты саралай алады.	Мысалдар келтіре отырып таңдау жасауға бейімділігі бар. Дегенмен, жауаптарында жүйелілік сақталмаған.	Берілген тапсырмалар бойынша материалдарды толық қарастырмаған. Түсінбеген. Сондықтан тапсырма бойынша негізгі мәселені ашып бере алмайды.	Емтихан сұрақтарының мазмұны бойынша қосымша сұрақтарға жауап беруге қиналады.	Пәннің мазмұны, тақырыптары бойынша материалдарды игермеген.
3 сұрақ	5 критерий Таңдалған әдістемесінің ұсынылған	Берілген тапсырмаларды дәйекті, қисынды, сауатты, ғылыми негіздей отырып, кері байланыс жасай алады. Шығарманы сауатты талдап, түсіндіріп	Берілген тапсырмалар бойынша жауаптарында пайдаланған әдебиеттер бойынша 3-4 қате жіберілді. Алайда бұл саналы	Пәннің мазмұны бойынша тұжырымдары нақты емес, дәлелді емес. Стильдік, грамматикалық қателері бар.	Жауаптары тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптарға сай келмейді. Өрі	Берілген сұрақтарға жауап жазылмаған. Дереккөздер, талдау әдістері қолданылмаған.

практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау.	бере алады. Өзіндік тұжырымдарын бекітіп, баяндауға ғылыми стиль нормаларын сақтай отырып, жүйелі жеткізе алады. Әрине баяндау барысында	орындалған тапсырманың жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді.	Шығармаларды талдауда қорытындылары дұрыс емес. Түсініксіз.	жауаптары толық емес. Түсініксіз.
6 критерий. Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.	Пән арқылы білгенін, түсінгенін қалай, қайда қолдана алатындығына нақты мысалдары жетерлік. Көркем шығармаларды талдау барысында бүтінгі күннің ситуацияларымен байланыстыра отырып тұжырым жасай алады.	Пәннің мазмұны бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын, өмірлік тәжірибеде қолдануға болатындығына мысалдары аз және нақты емес.	Пәннің негізгі тақырыптары бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын өз сөзімен жазбаша толық жеткізіп бере алмайды.	Жазбаша талдаулары әлсіз.
				Білу, түсіну, талдау жасай бікірін өз сөзімен жеткізе алады. Жазбаша талдаулары жок.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (КБ) = (%1+2+3+4+5+6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К-критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
Критерий		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %
1. 1 критерий	100				0-24 %
2. 2 критерий			75		
3. 3 критерий				60	
4. 4 критерий					45
5. 5 критерий	100				
6. 6 критерий					49
Қорытынды %	200		75	60	94
					200 + 75 + 60 + 94 = 429
					429 / 6 критерийлер = 71,5
					Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. 72 балл 70 балдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуы бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «Жақсы» 72 баллға бағаланатын болады.

Декан

Б.Ө. Жолдасбекова

Кафедра меңгерушісі

С.Дәрібаев

Дәріскер

Б.С. Сарбасов

